

3 қыркүйек
Сәрсенбі,
2025 жыл

uil-gazet@mail.ru

Ойыл

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ТӨРЕМҰРАТОВТАР ОТБАСЫ - «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ - 2025» ҰЛТТЫҚ КОНКУРСЫ ОБЛЫСТЫҚ КЕЗЕҢІНІҢ ЖЕҢІМПАЗЫ



Конституцияның 30 жылдығы қарсаңында Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров «Мерейлі отбасы – 2025» ұлттық конкурсының облыстық кезеңінің жеңімпаздарын марапаттады. Байқаудың бас жүлдесі Ойыл ауданынан қатысқан Төрмұратовтар отбасына бұйырды. Ал I орынға – Рахметжановтар отбасы (Темір ауданы), II орынға – Жаманғариевтер отбасы (Ақтөбе қаласы) және Ерпановтар отбасы (Байғанин ауданы) лайық деп танылды. Ал үшінші орын – үшеу. Олар:

Тілемісовтер отбасы (Хромтау ауданы), Сиыршиндер отбасы (Шалқар ауданы), Күзенбаевтар отбасы (Мәртөк ауданы). Жеңімпаздарға төмендегі көлемде қаржылай сыйлықтар табысталды: Гран-при – 500 мың теңге; I орын – 400 мың теңге; II орын – 300 мың теңге; III орын – 200 мың теңге және ынталандыру сыйлығы – 100 мың теңгеден. Сонымен қатар, жүлделі орынға ілікпеген 16 отбасыға ынталандыру сыйлықтары тапсырылды. Бас жүлде иегері Төрмұра-

товтар отбасының отағасы Төрмұратов Спартак Шеруенұлы — «Ойыл ауданының Құрметті азаматы», екі мәрте «Жыл адамы» атанған ел ағасы. «Ерен еңбегі үшін» медалі, мерекелік медальдер мен «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» атағының иегері. Ойыл аудандық мәслихатының бесінші шақырылымының депутаты. «Спарта» шаруа қожалығының төрағасы. Жұбайы – Жанат Қожантаева — «Қазақ аналары Дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігінің мүшесі, Ө.Дербісалин атын-

дағы Саралжын орта мектебінің мұғалімі. «Күміс алқа» иегері. Олар биылғы жылдың қыркүйек айында Астана қаласында өтетін республикалық кезеңде Ақтөбе облысының атынан бақ сынайды. Өңір басшысы атап өткендей, «Мерейлі отбасы» байқауы қоғамдағы отбасы институтының рөлін арттыруға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және жас ұрпаққа үлгі боларлық өнегелі отбасыларды кеңінен насихаттауға бағытталған.

Н.ДАБЫЛ.

АМАНГЕЛДІ АУЫЛЫНА ТАБИҒИ ГАЗ БЕРІЛДІ

АМАНГЕЛДІ ОЙЫЛДАН 18 ШАҚЫРЫМДА ОРНАЛАСҚАН 105 ТҮТІНДЕ 633 ТҰРҒЫН ТОҒЫСҚАН ШАҒЫН АУЫЛ. ӨРИНЕ, АУЫЛ ҮШІН МӘСЕЛЕНІҢ БАСТЫСЫ ҚЫСҚЫ ОТЫН. НЕГІЗІНЕН ҮЙЛЕРІН ҚИМЕН ЖЫЛЫТАТЫН АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ БӘРІ БІРДЕЙ КӨМІР АЛА АЛМАЙДЫ. БАҒАСЫ ЖЫЛ САЙЫН ӨСЕ БЕРЕТІН КӨМІРДІ ЖАЗДА АЛСА, САҚТАЛУЫ ҚИЫН. ҚЫСТА ЖЕТКІЗУ ҚИЫН. СОНДЫҚТАН ТАБИҒИ ГАЗДЫҢ БЕРІЛУІ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫН БІРНЕШЕ БЕЙНЕТТЕН ҚҰТҚАРДЫ.



Ауыл өміріндегі елеулі оқиғаға арналған салтанатты шараға Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Асылбек Есенбаев пен аудан әкімі Асқар Қазыбаев арнайы қатысып, амангелділіктердің көптен күткен қуаныштарымен құттықтады. «Бүгінгі күні осы Амангелді ауылының газге қосылуын қосқанда Ойыл ауданының газбен қамтылуы 47,9%-ті құрап отыр. Биылғы жылдың аяғына дейін үлес 57,2%-ке жетеді. Бұл – мемлекет қолдауының, ауыл өмірін жақсартуға деген нақты қадам-

ның нәтижесі», - деген облыс әкімінің орынбасары Асылбек Есімханұлы ауыл тұрғындарына ізгі лебізін білдірді. Осыған дейін әртүрлі мінберде айтылып жүрген өзекті мәселенің шешімін тауып, мемлекеттік бағдарламалар арқылы елдің игілігіне көгілдір отынның ұсынылуы «Кешегі күннен алыс жоқ, ертеңгі күннен жақын жоқ» екенінің куәсі. Салтанатты сәтте ауыл ақсақалдары бата берсе, ақ жаулықты әжелер шашу шашты. «Тілегіміз орындалып ауылымыз газбен қамтылды. Мемле-



кет басшысына, облыс және аудан басшыларына алғысымыз шексіз. Бақытты болыңыздар, ғұмыр жастарыңыз ұзақ болсын. Ең бастысы — халқымыз аман, деніміз сау болсын. Ынтымағымыз артып, әр

күніміз шаттыққа толы болғай», - деп Амангелді ауылының ақсақалы Есім Азанов ізгі тілегін жеткізді.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.



«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» ҚАҒИДАТЫН ІЛГЕРІЛЕТУ БОЙЫНША ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

ӨТКЕН АПТАДА ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНДА «ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» ҚАҒИДАТЫН ІЛГЕРІЛЕТУ, ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША ІС—ШАРАЛАР ЖОСПАРЫНА СӨЙКЕС АУДАН ЖАСТАРЫМЕН (НЕЕТ САНАТЫНДАҒЫ) КЕЗДЕСУ ӨТКІЗІЛДІ.



Кездесудің мақсаты жастардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен таныстыру. Қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтарын біліп оны құрметтеуге тәрбиелеу. «Заң және тәртіп» қағидатын ілгерілету мақсатында кездесу диалог форматында өтіп, шараға аудан әкімі Асқар Қайыргалиұлы, аудандық прокуратура-расының аға прокуроры Нұрлан Төлепбергенов, аудандық полиция бөлімінің басшысы, полиция подполковнигі Ардақ Қангелдин, аудандық мансап орталығының директоры Дәурен Бисебаев қатысып, жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша тиімді шаралар қолдану мәселе-

лері талқыланды. Өділдік және жауапкершілік сияқты моральдық құндылықтарға тәрбиелеудің маңыздылығын, сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен күресте әрбір азаматтың рөлі мен жауапкершілігін, қоғамдағы әділеттілік пен адалдықты нығайту үшін жастардың белсенділігі мен құқықтық сауаттылығын арттыру қажеттігі бойынша пікір білдіріп, шараға қатысқан жастарға өздерінің тәжірибелерімен бөлісті. Кездесу барысында жастар сұрақтарына тұшымды жауап беріліп, ойларымен бөлісті. Жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша жұмыстар бұнымен шектелмей алдағы уақытта жалғасын табатын болады.

ЖЕМЕРДЕ ЖАҢА ФУТБОЛ АЛАҢЫ АШЫЛДЫ



Саралжын ауылының орталығында ашық аспан астындағы заманауи футбол алаңы пайдалануға берілді. Бұл – жастардың спортпен шұғылдануына, салауатты өмір салтын ұстануына және бос уақытын тиімді өткізуіне мол мүмкіндік берілді. Алаңның ашылу рәсімі лента қиюмен және ақсақалдың батасымен жалғасты. Шараға беретін маңызды нысан. Салтанатты шараға аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев, ауыл әкімі Марат Тәжіғалиев, ауыл тұрғындары мен спорт сүйер қауым қатысты. Іс-шара барысында сөз сөйлеген аудан орынбасары жаңа спорт алаңы ауыл жастары-

ның спортқа қызығушылығын арттырып, болашақта өңірімізден мықты футболшылардың шығуына жол ашатынын атап өтті. Алаңның ашылу рәсімі лента қиюмен және ақсақалдың батасымен жалғасты. Шараға жиналған тұрғындар мен балалар жаңа алаңда алғашқы ойындарын өткізіп, мерекелік көңіл күй сыйлады. Бұл – ауданымыздың спорт инфрақұрылымын дамыту жолындағы тағы бір қадам. Жаңа нысан ел игілігіне қызмет ете берсін!

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

2 қыркүйек 2025 жыл

№ 25

Ойыл селосы

Аудандық мәслихаттың
кезекті жиырма бесінші
сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10 бабының 2 тармағына сәйкес **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

Сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезекті жиырма бесінші сессиясы 2025 жылдың 10 қыркүйек күні сағат 14.30-ға аудан әкімдігінің мәжіліс залында шақырылсын.

- Өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы аудан әкімі А.Қ.Қазыбаевтың есебі туралы
Баяндамашы: А.Қ.Қазыбаев - аудан әкімі
- Жер заңнамасының сақталуын, жерді қорғау және пайдалану талаптарын қамтамасыз ету жөніндегі қызметі туралы
Баяндамашы: Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы
- Өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі басшысының есебі туралы
Баяндамашы: аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы
- Басқа да мәселелер

Аудандық мәслихаттың төрағасы:

С.Ф.Займолдин

БОРЫШ ПЕН БЕТБҰРЫС: ӘСКЕРГЕ КҮШТЕП ӘКЕТУ ЗАҢДЫ МА?

Кейінгі айларда мектеп бітірген түлектерді мәжбүрлі түрде әскер қатарына алып кету деректері тіркелді. Мұндай оқиға университетте, мектепте, тіпті көшеде де кездесіп жатады. Ата-аналардың қарсылығын туғызған оқиға қызу талқыланып, депутаттар заңға өзгеріс енгізуге көшкен. Әскери қызметшілердің әрекеті қаншалықты заңды? Құқықтық құжаттағы түзету жағдайды оңалта ма? Осы тақырыпқа қатысты сарапшылар пікірін топтастырып, мәселені талдап көрді.

Көшеден әкету тыйыла ма? Қорғаныс министрлігінің мәліметінше, биыл мерзімді әскери қызметке 42 мыңнан астам адам шақырылады. Оның ішінде көктемгі әскерге шақыру науқанында – 21 мың, күзгі әскерге шақыру науқанында – 21 мың азамат қамтылмақ. Алғашқы науқанның аяқ тұсы маусымның соңына тура келетінін ескерсек, әлеуметтік желілерде тараған бейнежазбалар – осы кезеңде жасалған. Алдымен әскери қызметкерлердің әрекеті қаншалықты заңды екенін бағамдап көрейік. Себебі, ең басты мәселе жастардың әскери билет иеленуге ынтылау болмауы емес, көшеден күштеп әкетуге қатысты болып отыр. Қорғаныс министрлігіне ресми сауал жолдау барысында мәселенің жай-жапсары байқалды. Министрліктегілер қолданыстағы заңнамада әскерге күштеп алып кету көзделмегенін кесіп айтты. Жастарды әскер қатарына шақырудың өзіндік алгоритмі бар, басқа жағдай туындаса, құқық қорғау органына жүгінуге кеңес берген. – Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заңға сәйкес, әскери қызметке шақырылуға жататын азамат жергілікті әскери басқару органының шақыру қағазы бойынша әскерге шақыру комиссиясына келуге міндетті. Шақыру қағазын азаматтың жеке өзіне тапсыру мүмкін болмаған жағдайда, оның келуін қамтамасыз ету тиісті ішкі істер органына жүктеледі, – делінген жауап-хатта.

Дегенмен, соқырға таяқ ұстатқандай нұсқауды қорғаныс саласының мамандары ұстана бермейді. Олай дейтініміз, күштеп әкетуді ұйымдастырып жүргеннің басым дені ішкі істер органының қызметкерлері емес, әскерілердің нақ өзі. Мұны Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары Сұлтан Қамалетдинов те мойындаған болатын. Сондықтан жуырда Сенат депутаттары әскери-патриоттық тәрбие, әскери қызмет және жекелеген орталық мемлекеттік органдардың функцияларын қайта бөлу туралы заңға енгізілген өзгерістерді мақұлдады. Енді әскерге шақырту қағаз түрінде емес, 1414 нөмірінен SMS-хабарлама арқылы келеді. Егер жастар шақыртуды елемесе, айыппұл арқалауы мүмкін.

Өзірге айыппұл мөлшері әркімге. Алайда заңгер Қанат Өліпбаев әскерге шақыру кезінде жалтарған азаматтарды жазалау заң шеңберінде бекігенін айтып отыр. Себебі Конституцияға сәйкес, елді қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті. – Әскери қызметтен босатуға заңды негіздер болмаған адам қызметке шақырылудан жалтарса, жауапқа тартылады. Үкім сан түрлі болуы ықтимал. 1000 АЕК-ге дейінгі мөлшерде айыппұл салу, сол мөлшерде түзеу жұмысына немесе төрт жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмысқа міндеттелуі мүмкін. 1 жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыру үкімі шығуы ғажап емес. Егер әскерге шақырылушы іс сотқа кеткенге дейін әскерге шақыру пунктін өз еркімен келсе, қылмыстық жауапкершіліктен босатылады, – деді заңгер. Маман Конституциялық мін-

детпен қатар, құқық та барын айтып отыр. Әскер қатарына күштеп әкеткен жағдайда жастар адвокат шақыруы, жақынына хабарласуы мүмкіндігі барын білуі шарт. Мұндай құқықтық сауаттың болмауы, кейінгі шиеленіске әсер етіп келеді. ЖОО-ға қабылдау уақыты мен әскерге шақыру мерзімі сәйкес келмейді Бұл даулы тақырып талайдан бері талқыланып жүр. Мектепті енді ғана бітіріп, университетке оқуға тапсырған талапкерді әскерге әкету оқиғасы көп. Әскери сарапшы Жанат Ережеповтің айтуынша, бұған қос министрлік кінәлі. Ғылым және жоғары білім министрлігі құжат тапсырған талапкердің оқуға түсіп/түспегені туралы шешімді көш шығарады – әскерге шақыру науқанынан кейін мәлімдейді. Ал Қорғаныс министрлігінде көктемгі әскерге шақыру науқаны 1 наурыздан 30 маусымға дейін жүргізіледі. Осы аралықта ресми түрде оқуға қабылданбаған кез келген азаматты борышын өтеуге алып кетуге құқылы. – Жүйеде қателік бары байқалады, ұйымдастыру ісін қайта қарау керек. Мысалы, түлектер мектепті мамыр айында бітіреді. Ғылым және жоғары білім министрлігі ЖОО-ға оқуға қабылдау бұйрығын тамызда шығаратыны бәрімізге аян. Демек, арада екі ай мерзім бос қалады, осы аралықта әлі студент мәртебесін алмаған талапкерлерді әкетіп жатыр, – деді Жанат Ережепов. Сарапшы мәселені шешудің бірнеше нұсқасын ұсынып отыр. Алдымен екі министрліктің деректерін сәйкестендіру маңызды. Арнайы базаларға қосымша ақпараттық бағана енгізу арқылы кімнің оқуға құжат тапсырғанын анықтау қажет. Қазіргідей цифрландыру үрдісі дамыған шақта аталған қадам аса қиындық тудырмайды деген ойда. Оның үстіне, пайдалану Қорғаныс министрлігі Ұлттық білім беру дерекқоры секілді базаларды әскери қызметке шақыру барысында бұрыннан пайдаланады. Тек статистиканы сәйкестендірсе болғаны.

Екінші әрекет – құқықтық өзгеріс. Қазір оқуға тапсырған талапкерді әскерге алып кетпес үшін арнайы арыз жазуы керек екен, яғни комиссия жасауды күтіп отырғанын білдіреді. Мұны бірі білсе, бірі білмес, оның үстіне өтінішті жазу тәртібі, жауапты әскери комиссариатқа құжат өткізу уақыт ұстайды. Сондықтан Жанат Ережепов оқуға құжат тапсырған талапкердің дерегі базадан көрінсе, автоматты түрде әскери міндеті кейінге шегерілетін тетік керек деп отыр.

Петиция: әскерге шақыру жасын өзгерту керек пе? Өткен жылы тақырыппен мазмұндас оқиға болды. Есте болса, бір топ автор жастарды әскерге 20 жастан бастап шақыруды ұсынып, петиция жариялаған еді. Уәж ретінде бірнеше себепті алға тартқанын білеміз. Оның ішінде жастардың психологиялық және физикалық тұрғыда жетілуін күту, білімін жалғастыруға мүмкіндік беру, дезертирлік (әскерден қашу) пен құқықбұзушылық деңгейін төмендету секілді жағдайды тірек еткен. Петиция авторларының пікірінше, егер ол қолдау тауып, тиісті өзгеріс заң шеңберінде қабылданғанда, мектеп түлектерін әскерге күштеп әкетуі күрт тыйылар еді.

Алайда жауапты министрлік, депутаттар мен қоғам белсенділері ұсынысқа қарсы шықты. Алдымен Мәдениет және ақпарат министрлігі Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін араға салып, қорғаныс мәселелері петицияға арқау бола алмайды деді. Осылайша, петицияны кері қайтарды. Қорғаныс министрлігі болса, талаптың тым біржақты екенін айтып, қолданыстағы жүйені

ең тиімді нұсқа деген. Петицияға әлемдік тәжірибе де дәнекер бола алмады. Аустрия, Германия, Швеция, Швейцарияда әскерге 19-20 жастан бастап шақырылады деген мысалға депутат қарсы пікірін білдірді. Мәжіліс депутаты Константин Авершин 18 жастың не үшін таңдалғанына ғылыми негіздеме айтқанын ұмытпадық. – Неге 18 жастан бастап әскерге шақырылады? Кеңес заманында тақырыпқа терең зерттеулер болған. Жалпы, бұл жаста жас жігіттер гормоналды өзгерістерді сезіне бастайды. Психикадағы өзгерістер физиологиялық өзгерістерден кейін жүреді, сондықтан осы уақыт жас жігіттерден ер азаматтарды тәрбиелеп шығару үшін таңдалған. Барлығы физиологиялық ерекшеліктерге байланысты, сондықтан 18 жастан бастап шақырылады, – деді депутат. Көктемгі әскерге шақыру науқаны кезінде шақырылған 18-19 жастағы азаматтардың статистиксы белгілі. Күштік құрылым бойынша талдасақ: • Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне – 2 500 адам; • Қарулы Күштерге – шамамен 10 мың адам; • Мемлекеттік күзет қызметіне – 290 адам; • Төтенше жағдайлар министрлігіне – 391 адам; • ІІМ Ұлттық ұланға – 7 054 адам шақырылады. Өзірге оқуға құжат тапсырған, алайда жауабын күтпестен әскер қатарына алынған қазақстандықтардың нақты санын білу мүмкін емес. Қорғаныс министрлігі бұл орайдағы сауалды жауапсыз қалдырды. Қазақстанда күзгі әскерге шақыру науқаны басталды. Ал, 28 тамызда Қазақстанда ресми түрде күзгі әскерге шақыру науқаны басталды. Ол 31 желтоқсанға дейін жалғасады. Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес 2 қыркүйектен бастап еліміздің барлық өңірінде қалалық және аудандық шақыру комиссиялары өз жұмысын бастады. Осы кезеңде 18 бен 27 жас аралығындағы шамамен 22 мың жас қазақстандық Қарулы күштер мен басқа да әскери құрылымдардың қатарына қосылады. Шақырылушылар келесі әскери құрылымдарға бөлінеді: • Қарулы күштерге – 10 мыңнан астам; • Ұлттық ұланға – 7 мыңнан астам; • ҰҚК Шекара қызметіне – 2 мыңнан астам; • Төтенше жағдайлар министрлігіне – 300-ден астам; • Мемлекеттік күзет қызметіне – шамамен 300 сарбаз. Шегеруде шектеу бар немесе «40 күндік әскердің» қыр-сыры Қазір «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заң қолданыста. Құжатта әскери міндетті көрсетпеген шегеру жолдары анық көрсетілген: бір тармағы – студент мәртебесі. Кей азамат мұны айлаға айналдырғанын жасыра алмаймыз. Көбі әскерге шақыру жасына жеткенде оқуға түседі. Оқу аяқталса, екінші ЖОО-ға тапсырып, кейін магистратураға барады. Магистратура аяқталса, докторантураға тапсыратындар бар. Осылайша, 27 жасқа дейін уақыт созып, «запасқа» шығатын күнді күтеді. Енді жаңа заң жобасында мұндай кеңшілік болмайды. Білімнің әрбір деңгейінде әскерден 1 реттен артық босатпау туралы түзету енген. Қарапайым тілмен айтсақ, жастар бакалавриаттан кейін магистратураға түспесе, әскерге барады деген сөз. Сарапшы Жанат Ережеповтің айтуынша, борышын өтеуден қашудың схемасы мұнымен шектелмейді. Кейбіреулер әскери кафедрадағы мүмкіндікті айла-шарғы ретінде пайдалануға құмар. Студенттер оқу орнындағы арнайы кафедраға оқуға түсіп, 1 жылдан кейін шығып кетеді. Қазіргі

қолданыстағы заңға сүйенсек, олар оқуын аяқтамаса да әскери қызметтен өткен болып саналады, демек әскер қатарына шақырылмайды. Әскери сарапшы мұндай олқылықтың жолын кесу үшін оқу орындарынан шығарылған курсанттар мен кадеттердің дерегін ортақ базаларға енгізіп, қайта әскери есепке қоюды ұсынып отыр. – Қазір ЖОО жанында әскери кафедралар бар. Онда запастағы офицерлер, сержанттарды даярлайды. Заң бойынша кафедра түлектері мерзімді әскери қызметке шақырылмайтыны белгілі. Осыны есепке алсақ, заңға өзгеріс енгізу керек. Запастағы сержанттарды болмаса да, офицерлерді әскер қатарына шақыру міндеттелгені дұрыс, – деді спикер. Орайы келгенде ел арасында «40 күндік әскер» аталып кеткен әскери-техникалық мектептерді айтпай кетуге болмас. Мұндағы сарбаздардың дайындығы мен практикалық тиімділігі тұрғысында сарапшылар пікірі екіге жарылады. Бірі отбасылық жағдайға байланысты 1 жыл әскер қатарына бара алмайтындарға жақсы мүмкіндік санаса, екіншісі құрылымды себепсіз пайдаланатындар бар деп ашынады. – 40 күндік әскери машықтан өту мүмкіндігі әлі бар. Көбі мұны 1 жылдық әскери борышты өтеудің баламасы ретінде қолданады. Бұл – қате пікір, бастаманың алғашқы функциясынан ауытқуы. Неге десеңіз, кезінде аталған заңдағы өзгерісті (сарбаздарды әскери-техникалық мектептерде даярлау - ред.) талқылауға қатыстым, құзырлы министрлік атынан жұмыс тобында болдым. Сол кезде әскери-техникалық мектептің әуелдегі міндеті отбасы жағдайы, әлеуметтік ахуалы мен денсаулық жайы мүмкіндік бермейтін азаматтарға борышын өтеуге жол ашу еді. Қазір ешқандай салмақты себепі жоқ жастар да 24 жасқа дейін әскер қатарына барудан жалтарып, кейін осы «40 күндік мектепке» түсіп жатыр, – дейді сарапшы. Жанат Ережеповтің сөзінше, әскери-техникалық мектептердің саны аз әрі жаппай қамтамасыз етуге жеткіліксіз. Сондықтан жастар арасында әскер қатарына баруды насихаттауды орынды санайды. Әсіресе, Қарулы күштердің қатарына тартудың идеологиясы болуы керек. Отбасындығы, қоғамдағы түсініктер бір арнаға түскенде ғана жағдай оңалды деген пікірде. – Ата-ана балаға ел-жердің қадірін ұқтырса деймін. Мемлекет Отан қорғауға лайықты жағдай тудырса, әскердегі әлімжеттікті тоқтатса, еш кедергі болмайды деп сенемін. Міне, осы екі діңгек әскери жүйені түзетеді, жастарды ынталандырады. Қазір әскерден оралған азаматтарға түрлі әлеуметтік көмек жасалады, ол орынды, өрине. Дегенмен, әскерге баруға итермелейтін қадам қажет-ақ. Мысалы, лауазымды қызмет атқару үшін үміткердің әскери борышты өтеуін міндеттеуді енгізсе, құп болар еді. Сайлау комиссиясы түрлі деңгейдегі депутаттарды сайлау барысында осы талапты сұрашы керек. Мұндай тәжірибе әлем елдерінде сәтті жүзеге асып жатыр, – деді Жанат Ережепов. Төрткүл дүниедегі түрлі қақтығысты көз көріп отыр. Аласапыран кезеңде әскердің сапасы мен қажыр-қайратын талап ету үшін жастардың ынтасын арттыру өзекті. Бұл ретте олардың әскерден жалтару жолын емес, себепін бағамдау орынды секілді. Себебі әскерден қашуға әлімжеттік, борышты өтеуге ынталандырудың аздығы қолбайлау болып отыр. Қоғам ендігі реформаны осы бағытта күтеді.

Ерсін ШАМШАДИН, kaz.inform.kz

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БИЗНЕСІ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНА ӨЗ ҰСЫНЫСТАРЫН ЖЕТКІЗДІ

Ақтөбеде кәсіпкерлер мен облыстық мәслихат депутаттары Кәсіпкерлер палатасының алаңында кездесті. Мұнда облыстық мәслихаттың бюджет, өңірлік және салалық даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының кеңейтілген отырысы қоғамдық тыңдау форматында өтті. Нұрлан Махамбетов жетекшілік еткен жиында «Өңірдегі шағын және орта бизнесті дамытудың өзекті мәселелері және оларды шешу жолдары» талқыланды. Іс-шараға облыстық мәслихат депутаттары, облыстық басқармалар басшылары, өңірлік «Атамекен» өкілдері және кәсіпкерлер қатысты. Облыстық кәсіпкерлік басқармасының басшысы Алмас Салықбаев баяндама жасады. Оның айтуынша, 2025 жылы шағын және орта бизнесті қолдау шараларына жергілікті бюджеттен 2,3 млрд теңге бөлінді. Жалпы мемлекеттік қолдау шараларына қаржыландыру көлемі – 12,5 млрд теңге, оның ішінде 10,2 млрд теңге республикалық бюджеттен және 2,3 млрд теңге жергілікті бюджеттен қарастырылған. 2023 жылы жаңа драйвер – Хромтау моноқаласының кәсіпкерлерін несиелендірудің өңірлік бағдарламасы іске қосылды. Өңір деңгейінде нақты сектордағы жобаларды қолдау үшін мақсатты жеңілдетілген несиелендіру бағдарламаларын енгізу қажеттілігі туындады. Осыған байланысты Ақтөбе облысында «Ақтөбе Бизнес» бағдарламасын іске қосу жоспарлануда деді. Кәсіпкерлер палатасының директоры Дидар Боранқұлов өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін, Палата мен салалық кеңестердің жұмысының нәтижелерін ұсынды, сондай-ақ шешуді қажет ететін негізгі жүйелі проблемаларды атап өтті. Басты шаралардың ішінде жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуларына бақылауды күшейту және жергілікті қамтудың міндетті үлесін бекіту ұсынылды. Сондай-ақ өндірістерді жаңғырту мен техникалық қайта жарақтандыруды қолдауға арналған өңірлік жеңілдетілген қаржыландыру бағдарламаларын әзірлеу қажет. «Агробизнес» бағдарламасы аясындағы сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау тетігіне ерекше назар аударылды. Қазір кәсіпкерлер толық мөлшерлемені төлейді, ал субсидиялар кейінірек – қаржыландыру болған жағдайда түседі. Тетікті жеңілдету үшін бизнес түпкі мөлшерлемені келісімшартта алдын ала бекітуді ұсынады. Маңызды мәселені «Greenland Aktobe» ЖШС-нің бас директоры Әділ Дүшекенов те қозғады. «Жаңа Су кодексінің күшіне енуіне өнуіне байланысты, онда азаматтардың ортақ су айдындарына еркін қолжетімділігі кепілденген. Ал су айдындарының жанындағы жер учаскелерін жалға алып отырған кәсіпкерлер инвестицияны, инфрақұрылымды қорғау және санитарлық қауіпсіздікті қалай қамтамасыз ете алады?» – деді ол. Туризм саласының өкілдері азаматтардың су айдындарына еркін қолжетімділік құқығы мен кәсіпкерлердің салынған инфрақұрылымды ақылы негізде пайдалану құқығы арасында теңгерім қажет екенін атап өтті. Нұрлан Махамбетов Жер кодексі мен Су кодексі арасындағы қайшылықтарға назар аударды. Кәсіпкерлерге бұл бағытта заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар тізімін әзірлеу ұсынылды. Жұмыс Туризм салалық кеңесінің аясында Кәсіпкерлер палатасында жүргізілетін болады. Сонымен қатар, кәсіпкерлер депутаттардан Ақтөбе қаласы мен аудандарда бөлшек салық мөлшерлемесін төмендету мәселесін қарастыруға жәрдемдесуді сұрады. Қаулы биылғы 1 желтоқсаннан көшітірілмей қабылдануы тиіс. Жүк тасымалдаушылар CarGoRulsqz электрондық кезегінің жұмысы мәселесін қайта көтерді, ал шағын дүкен иелері осы санаттағы жеке кәсіпкерлер үшін электр энергиясының тарифтерін тұрақтандыруды сұрады. Кездесуде көтерілген барлық мәселелер облыстық мәслихат назарына алып, олар бойынша нақты ұсыныстар әзірленетін болады. Кәсіпкерлер палатасы бизнес ұсыныстары депутаттармен конструктивті диалог пен бірлескен жұмыстың негізіне айналады деп сенеді. Маңыздысы – мұндай кездесулер ашық пікірталас алаңы ретіндегі мәртебесін сақтап, бизнес мүдделерін көрсетіп, бірлесіп шешім іздеуге ықпал етуі. Қоғамдық тыңдау барысында «Даму» қоры филиалының директоры Айнагүл Ниязова мемлекеттік қолдаудың қолданыстағы құралдары туралы баяндап берді. Басқа да өзекті мәселелер көтерілді. Мысалы, жер қойнауын пайдаланушыларға арналған азық-түлік өнімдері көбіне жергілікті өнімді ескермейтін аутсорсингтік компаниялар арқылы сатып алынады. Осыған байланысты келісімшарттарға жергілікті өнімді басым сатып алу туралы міндетті шарт енгізу ұсынылды. Өңірде өндірістік қуаттардың толық жүктелмеуі мәселесі де бар. Бұған себеп – жабдықтардың жаңартылу деңгейінің төмендігі, қаржыландыруға шектеулі қолжетімділік және өнімді өткізудегі қиындықтар. Мәселені шешу үшін кәсіпкерлер өндірістерді жаңғыртуға арналған жеңілдетілген қаржыландырудың өңірлік бағдарламаларын әзірлеуді, кәсіпорындарға скрининг жүргізіп, есу нүктелерін анықтауды, субсидия көлемін арттыруды және салық пен өзге де мәселелер бойынша кеңес беретін толық форматты Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығын құруды ұсынды. Талқылауға кәсіпкерлер де белсене қатысты. «Сәтжол» шаруа қожалығының басшысы Ләззат Нұрғалиева Ақтөбедегі сауда желілерінде жергілікті ауыл шаруашылығы өнімдерінің жеткілікті ұсынылмайтынын айтты. Ол дүкендерде «Қазақстанда жасалған» немесе «Жергілікті өндірушілердің өнімі» айдарымен арнайы аймақтар жасап, өнімдерді орталық сөрелерге және тұтынушылардың көз деңгейіне қоюды ұсынды. Сондай-ақ жергілікті өндірушілердің қалалық базарларда сауда орындарына қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселесі көтерілді. Нұрлан Махамбетов маусымдық өнімдерді сату нүктелері мәселесі облыс әкімінің бақылауында екенін атап өтті. Оның тапсырмасымен жұмыс тобы құрылып, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің тізімі жасалды және сауда орындары белгіленуде.

АЙ ЖЕРДІ ЖЕТЕЛЕП ЖҮРЕДІ

Тапанның қоймасына әкеліп бос бөтелкелерді өткізетіндер де ырғын: кәдімгідей кезекке тұрып, құл-қоқыстың арасынан тапқандарын қара бақырға сатып кетеді олар. Көбі – тіленшілікті кәсіп қылған қаңғыбастар, маскүнемдер. Таңертең Алматының етегінен өріп шығып, кешке қарай сасып-мүңкіп, қиралаңдай басып Алматының етегін түріп, қайта кіреді. Сонда бізге мас қала – Алматы теңселіп, төлтіректеп тұрғандай көрінетін.

Қыстың аязды күндері аузы ашық бөтелкелердің ішіне сұр тышқандар толып алатын. Шықылдап көбейіп, балалайды. «Менің қоймам – тышқандар тұқым жаятын роддом, бөтелкелерім шала туған тушканчиктерге арналған вакуум-бесік болды ғой», – деп Тапан күледі. Тапанға ілесе қиқылдап-шиқылдап бөрі күледі. Жалғыз мен күле алмаймын. Бәрі жабыла сілтейді. Жалғыз мен ғана аяқтағы арақтың арығына ауыз салмаймын. Арақтың арығы – бір-біріне жалпап қойылған ұзын науалар. Ірі-қара мал жем жеп, тұз жалаған ақыр-науалар. Шошқа астаулар да осында. Сол ақыр-науалар мен астауларға алдымен су құйып, суды қытайдың арзанқол спиртмен үстемелейміз. Мөлшермен бір шелек суға – жарты шелек спирт. Спирт пен су өбден араласын деп, астау-науаларды жалаңаяқ кешеміз. Шалп-шалп. Шалп-шалп. Балтырларын тізелеріне дейін түрінген қарасирақтар астау-науадағы ащы суды – зәһар суды уыстап жұтып-жұтып жіберетін. Содан кейін-ақ, Тапанның қоймасындағы жұмысшылар адамдық кейіптен жұрдай болып шыға келеді. Сөздерінің сиқы да сұмдық: жүрегің айнаиды: – Уысыңа толтырып тағы бір рет жұтып жібер. – Жүрмей тұр. – Жұтып жібер, ештеңе етпейді. – Ішек-қарыным ақтарылып, аузымнан жидіп түсе ме деймін... – Түссе түссін, жұтып жібер! Ішегің жидіп түссе, ол да жақсы. Тышқандарға лақтыра саламыз. Тойлап жеп, тойынып қалсын байқұстар. – Менің ішегіме жерік тышқандар бар шығар? – Бар, ана буаз тышқандардың бәрі жерік. – Әй, айтасың-ау сенде! Ха-ха-ха! – Кіші дәреттің қинап тұрғаны... Осында бел босата салсам қайтеді? – Үлкен дәретінді қосып айда, арағымыздың түсі түрлі-түсті болады. Қазіргі ішкіштер өзгеше түсті араққа әуес. – Жанка, «белімнен төмен тартып, ауырып жүр» деп едің ғой, сен де қос қосатыныңды! – Коньяк болады. – Жанканикі виски болады. – Ха-ха-ха! – Ей, мен өткен түнде осы қойманың ішінен сұйтан сияқты құйрықты бір мақұлықты көрдім. – Сайтанның өзін көргенсің ғой. Сайтанның мекені Тапанның қоймасында болмағанда қайда болады? – Жалаңаш әйел ме дедім басында. – Құшақтаса кетпедің бе? – Көзімді тарс жұмып алдым. Қорықтым. – Қой-ей! Ол сенен қорыққан шығар. – Сен неге ішпейсің? – Тауарын алып кетуге келген Тапан екен. Мен тыжырынып бас

шайқадым: – Ішпеймін. Мынандай лас арақты қалай ішуге болады? – Ал, мен саған тазасын құйсам, ішер ме едің? – Ішпеймін. – Сен не, бейкүнә, періште боп өтемін дейсің бе мына өмірден? – Сөйтетін шығармын. – Біз сені былғасақ қайтесің? Қол-аяғыңды байлап қойып, аузыңа күнде құйып отырсам, аз күнде арақсыз тұра алмайтын алқаштың таз кепешін киесің ғой, сорлы-ау! – Былғай алмайсың. Тіпті аузыма құйсаң да, ар жағым қабылдамаған соң, мен араққа жығылмаймын. – Ішесің. Ішкіземін мен сені. Ішкіш қыламын. – Тапан аға, – дедім мен, – осы сіздің менде не ақыңыз бар? Мен не қылдым сізге? Тып-тыныш жұмысымды істеп жүрген жанмын. Өлде мені ешкімі жоқ деп басынасыз ба? – Сенің мыналар сияқты мал болғаның керек маған! – Мен мал болмай-ақ, тапсырмаңызды тап-тұйнақтай атқарып жүре берейін, соқтығып, ұрынбаңызшы маған! – Байқамаппын, Тапан бір бақыр зәһар суды артына жасырып ұстап тұрған екен: «Мә, саған ұрынбаған!» – деп бетіме шашып кеп жіберді. Жай түсіп құлаған балғын қарағайдың бұтағы оттан қашпайды, отқа ұмтылады. Тұтас жанып, күлге айналуға құлшынады. Бұтақтың шала күйгені – өлгені. Осы кереметті бала кезімде, Баянжүректің басында қой жайып жүріп көргенімін. Тапанның жуан мойнынан бөлініп, одыраы шығып, жоғары-төмен жүгіріп тұратын өңдіршегін қармап, кеудесіне бір-ақ секірдім. Дүлей күштің иесі бойынан оп-оңай сілікіп тастамаққа әрекет қылғанымен, менің шөңгелім кеңірдегіне шегедей қадалып, шеңберін тарылта түсті. Тапан тапырақтап, жанұшырып, далұрды да қалды. Томар мойынға емес, кеңірдекке қол салғаным дұрыс болған екен, байқұс қырылдап-сырылдап кеп мені кеудесімен баса құламаққа әрекет қылған. Мен Көшкінбай көкемнің күрестегі тәсіліне бағып, жарты жамбасыма аунап кеттім де, тажал-Тапанды астыма бастым. Сол кезде қарақұсымнан қатты соққының тигенін ғана біліп, естен таныппын.

7 Ауданын бетон дуалмен қоршаған Поршень зауытының бұрынығы қоймасы – Тапанның қазіргі ел көзінен таса, құпия «кәсіпорыны». Қытайдың сапасы төмен спирті мен су араластырып самопал басытын бұл жерді Тапан тілін шайнап, орысшалап, «Это мая праизводства» дейтін. Тапанның «производствосына» келгелі мен жұдырықтан көз ашпадым. Тұщы етіме тиетін ащы таяқтан бастапқыда қатты қорқатын едім. Қожайын Тапанның қоқырандаған қолшоқпарларының бірі жұдырғын білеп жаныма тақай берді бітті, қорғаншақтап, қорынып, бетімді қолыммен көлегейлеп, тұра қалатынымын. Аяқ-қолымды бауырыма алып, бүктетіліп жата кететін кездерім де болған. Қолшоқпарлар аямайды, «мынау бір жақ жүні үрпиген, әлжуаз, жетім бала екен» демейді, басқа-кезге төпелеп, сойып салады. Шыңғырта сабайды. Оларға жұмысшыларды

жұмасына бір рет ұрып-соғуды тапсырған Тапанның өзі. «Сілейте соғыңдар, естен тандыра ұрыңдар. Бұлар қорқанның ғана сыйлайды», – дейтін ол. Күнде штанга, гир, гантель көтеріп, груша соғып, турникке тартылып, білек күшін еселеп жүретін қолшоқпарлардың жұмысы – жұмасына бізді ұрып-соғу, қала берді тоя тамақ ішіп, қорылға басып ұйықтау. «Осылар ұйықтап жатқанда, спирт шашып, өртеп жіберсек қайтеді?» деп ойлайтынмын мен. Сөйтсем, сапасыз спиртке шырпы тұтатқаныңмен, дымданып жанбайды екен. Лып-лып етеді де өшеді. Бұл шамада менің ішімде де бір нәрсе өшіп бара жатқандай еді. «Мына биік дуалды бұзып-жарып өту мүлде мүмкін емес шығар. Осында қамалып қалғаным – қалғаным ғой. Мені кім іздейді? Мен кімге керекпін? Дұрысы – осы ортадағы өмірге көну, Тапанға құлақ кесті құл болу. Ішкі қарсылықтан ада-күде арылу. Оу, қарсы болғанда не істеймін? Қайда барамын? Баяғы автобекетке ме? Онда мені кім күтіп тұр? Әлгі әумесер, алдампаз, алаяқ шал ма? Қой, құрысын! Оның соңынан өріп, диуана болып кетпесем, басқа жол жоқ. Біттің, Ерболсын, өлер жерің – осы жер. Өлгенге дейін көретінің де – осы жер. Анау аттары жоқ «пұшық», «жалақ», «қыли», «керең», «ақсақ», «ши қотыр», «сумұрындармен» бірге өмір сүресің енді. Автобустың жел саулаған жырық терезесінен қашқан бейшара әйел де жүр ғой осында, баласын беліне таңып алып, құмыра жуып, Тапанға күнде алғысын жаудырып. «Тапан қайным болма-са, далада қалар едім, Құдай бар екен, Құдайдың Тапанға жолықтырғанына рахмет», – дейді ол. Адам жадау тұрмыстың табанына шөккен сайын Жаратқанның жарылқауын аса керек қылмайтын сияқты: анау әйелге, мынау «сумұрындарға» Тапан аман болса, болды: қойманың қараңғы түкпірінен сайлап берген жатын орнына, күніне бір уақ әкеліп тастайтын ыстық тамағына риза, соған маз. Мен де зәһар судан жұтып алып, қарыны жұғылып, төпкіге түсіп жатқан рахат екен. Қорқыныш атаулыны ұмытасың, қорқуды ұмытасың. Тапанның «қорасына кіргелі» менің тапқан олжам осы болды: таяқтан қорықпау. Ішімдегі өліп, өшіп бара жатқан нәрсені де осы таяқ оятып тұрады. Сол ұрыншақтығым себеп бола ма, әлде мені «сындыра» алмаған қолшоқпарларының дәрменсіздігіне ызалана ма – осында келген күннен бастап мен Тапанның жауына айналғам. Ол самопалдарын салдырла-тып тиеп әкетуге келген сайын мені қорлап, мұқатып кетуге тырысады. Ақыры мен оны алқымынан алып, кеңірдегінен сығып тындым. Сол кезде ғой, қарақұсымнан қатты соққының тигенін ғана біліп, естен таныппын.

8 Шырқаған жазық дала. Тау түгілі бел-белестің бедері де білінбейді. Атқан таңмен ілесе көтеріліп, кеш бата ұясына барып қонатын алтын күймелі Күннің керуен сапарына қара: көретінің – бедірейген аспан мен айқай кеңістік. Табан күйдірер жердің ыстық табына қақталғандай қызарып туған Айдың жолын бақ: көретінің – қарабарқыт бояу жайылған зеңгір көк пен дөңкиген құм жоталар. Заңғар таулы жерде туып, төңірекке зау биіктен қарап үйренген мен мынау көсіліп жатқан көл-көсір даланы жанарыма сыйдыра алмай-ақ қойдым. Қайда көз салсам да – әуеден бұлдырап төгілген сағымды көремін. Сағым бұған, сағым ойнаған сахара... Құс қанаты күйетін ыстық құм қойнауында қой бағып екеу жүрміз. Екеудің бірі – мен, екіншісі – Степан дейтін орыс шал. Қазақшаға судай Істекең орысшасын міністен ер қашты болған шардақ торысы аяғын еріне басқанда, отарды еріске беттеткенде соңынан ит ермей қалғанда ғана есіне алып, боқтанады. Былайғы уақытта мүдірмей қазақ тілінде сөйлейді. – Істеке, түс көрсең қай тілде көресің? – деп сұраймын мен. – Аралас, – дейді ол. – Түсіме марқұм әке-шешем мен балалық шағым кірсе, орысша көремін, ал, бергі жағының бәрі – қазақша. – Ұйықтар алдында қай тілде мінежат қыласың? – Тым ерте кезде әжемнің бір екі ауыз үйреткен мінежат сөзі бар еді, қазір ұмытыппын. Бір сөзін есіме түсіре алмаймын. Осы күндері ұйқым келе ме — ұйықтаймын, болды. – Істеке, маржаң бар ма? Бала-шағаң бар ма? – Бар. – Олар сені неге іздеп келмейді? – Айтасың-ау сен де! Мына өлсіз, жұртсыз мекеннен мені қалай іздеп табады? Менің мұнда жүргеніме 7-8 жылдың жүзі ауды, ендіге күдер үзіп қойған шығар?.. Степан – менімен тағдырлас бейшара. Мұны да қалада сенделектеп жүрген жерінен Тапанның Ека, кірпі бас, бітеу құлақ бастаған бұралқылары алдап қолға түсірген де, малға салған. Екеуміз жыл жарым біргеміз. Тапанның бір отар қойын бағамыз. Екеуара – бір ат. Берген аты – екі қуаяқ мінгесіп алып қашып кетпесін дегендей, аяғы тұсалған жаман тұғыр. Тұғыр емес, тулақ, ыңыршағы айналып, қысы жазы бір ет алмайды. Есесіне Тапанның иттері сұмдық. Иесінен әрмен қатыгез, залым. Құм шағылдардың Тапан көшіріп тастап кеткен ерісі мен қонысынан ұзап шықсаң, ізіңнен еріп келеді де, ырылдап алдыңнан шығады. Тас атып, таяқ сілтесең талап тастайды. Біз қой бағамыз, Тапанның алабай төбеттері бізді бағады. Қарақұсыманан тиген күрек-тің сабы миымды шайқап, естен тана құлаған мені бірер күн өткен соң Тапан өңкиген дәу қара машинасына салып алып, шетсіз-шексіз құм шалқарының мылқау қойнауына әкеліп тастаған. Қаладан шыққан бетте мең-зең болған басымды алақаныма тіреп, жан-жағымды қапысыз бағамдай алмаппын. Әйтеуір, көз байлауды, іңір қараңғысы жайыла бастаған зауал шақ сияқты еді.

(Басы өткен сандарда. Жалғасы келесі санда)

ЕКПЕ НЕГЕ МАҢЫЗДЫ?



Вакцинация – бұл инфекциялық аурулардан сақтандыруға, ал сырттан келетін жағдайда - инфекциялық ауруларды тоқтатуға және жоюға бағытталған мемлекеттік саясат. Оларға қарсы екпе жасалатын инфекциялардың атаулары мен мерзімдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен. Ұлттық күнтізбеге сай, халыққа 20 инфекциялық ауруларға қарсы вакцинация тегін жүргізіледі. Қазақстанда халықты иммунизациялау үшін Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуден өту рәсімінен өткен вакциналар қолданылады. Мемлекеттік тіркеу рәсімі - күрделі көпкөзеді процесс және оған вакцинаның сапасын зертханалық бақылау қосылады. Сонымен қатар, өндірісі Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен сертифицикатталған вакциналар сатып алынады. Профилактикалық екпелерді жүргізу мерзімдері ғылыми мәліметтерге және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсыныстарына негізделген. Мәселен, баланың ағзасына ананың антиденелері (анти-тела) беріледі және қысқа

мерзімде ғана сақталады: дифтерияға қарсы 2-3 ай, қызылшаға қарсы 6 айға дейін, ал туберкулезге және «В» гепатитіне қарсы бала толық қорғалмаған болып туылады. Бұл ерекшеліктер, вакцинацияның мерзімдерін анықтағанда ескеріліп отырады. Осыған орай, бала туберкулезге немесе «В» гепатитіне қарсы туылған күнінің алғашқы күндерінде екпе алады, ал дифтерияға қарсы 2-3 айлығында екпе алады. Әр мемлекеттің өзінің бекітілген профилактикалық екпелерінің күнтізбесі бар. Елдің өмір сүру деңгейінің жоғары болуына қарай, инфекциялық ауруларға қарсы жүргізілетін екпелердің де тізімі кең. Кей елдерге профилактикалық екпелері болмаса кіруге тыйым салған. Мәселен, Сауд Арабиясына қажылыққа баратындар үшін менингококк инфекциясына қарсы, Бразилияға, Боливияға, Колумбияға, Кенияға және Африка континентінің басқа елдеріне бару үшін сары қызбаға қарсы вакцинация қажет.

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

СКОЛИОЗДҒА ЖОЛ БЕРМЕУ ҮШІН БАЛА КҮНІНЕН БАҚЫЛАУ КЕРЕК!

Сколиоздың алдын-алу - балаға күтім жасаудағы маңызды міндет. Ұзақ уақыт емделуден гөрі кез-келген аурудың алдын-алу оңай екені белгілі. Балалық шақта қалыптасу процесінде омыртқа өте нәзік, ол иесінің дұрыс емес өмір салтына қатты әсер етеді, бұл оның дамуының бұзылуына әкелуі мүмкін. Омыртқаның қисықтығы, сондай — ақ сколиоз деп аталады, адамның тірек-қимыл аппаратының дамуындағы елеулі бұзушылық болып табылады, оны емдеу қиын және бірқатар қатар жүретін ауруларды тудырады. Сколиоздың дамуының негізгі қауіпті жасын балалар мен жасөспірімдер деп атауға болады. Жүктілік кезінде де болашақ аналарға дәрумендер мен минералдарға (әсіресе кальций мен фосфорға) бай дұрыс тамақтану, артық жұмыс болмауы және балаға өте пайдалы белсенді өмір салты қажет. Жаңа туылған нәрестелер мен кішкентай балалар мүмкіндігінше қозғалуы керек, оларды бала кезінен физикалық жаттығулар жасауға үйрету керек. Өмір бойы әр адамға омыртқаның қалыптасуында, дұрыс қалыпта және ішкі ағзалардың қалыпты дамуында маңызды рөл атқаратын пайдалы заттар бар. Ал, балалардағы сколиоздың алдын-алу ата-аналардың ең басты міндеті. Мәселен, баланы өзі жасай алатын сәттен бұрын отырғызбаңыз. Күн сайын нәрестені ауа-райына қарамастан серуендету керек, оның денесін ультракүлгін сәуленің әсерінен пайда болатын және сүйектердің қалыпты қалыптасуы үшін қажет Д дәруменімен қанықтыру керек. Жаңа туылған нәрестелердегі сколиоздың алдын-алу арнайы ортопедиялық төсеніште ұйқыны қамтамасыз етеді. Баланың дұрыс тұрғанына көз жеткізіңіз және ол еңкеймей-

ді. Оқушының жұмыс орнын оның жасына және бойына сәйкес дұрыс жабдықтаңыз. Үстел мен кәздің арасындағы қашықтық 30 см-ден кем болмауы керек. Портфель немесе рюкзақтар екі белдікпен болуы керек және өте ауыр емес. Балаларды спортпен шұғылдануына ықпал етіңіз. Кез-келген физикалық белсенділік тірек-қимыл аппаратының, бұлшықеттердің және ішкі ағзалардың дамуына оң әсер етеді. Ересектерде омыртқаның патологиялық қисықтығы болуы мүмкін. Егде жастағы адамдар үшін сколиоздың алдын-алу үшін салауатты өмір салтын ұстану және физикалық белсенділікке назар аудару қажет. Тұрақты жұмыс кезінде немесе отырғанда, сіз мезгіл-мезгіл позицияларды өзгертіп, қысқа үзіліс пен жеңіл жаттығулар жасауға уақыт табуыңыз керек. Есіңізде болсын, үнемі иілген күй омыртқаның қисаюына әкелуі мүмкін. Сіздің жұмыс орныңыз дұрыс жабдықталғанына, жақсы жарықтандырылғанына және ұзақ уақыт ыңғайсыз күйде болудың қажеті жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Ашық ауада жүруге уақыт табыңыз. Көлденең жолақ жаттығулары мен жүзу бұлшықеттерге жақсы күйде болуға және әдемі қалыпта болуға көмектеседі. Дәрумендерге бай тағамдарды жеуге тырысыңыз. Сколиоздың алдын-алу әсіресе ерте жастан бастап белсенді өсу кезеңінде тиімді екенін ұмытпаңыз. Сондықтан баланы бала кезінен спортпен шұғылдануға үйрету керек, оны ұрып-соғу әдетінен арылту керек және денеге шамадан тыс жүктемелерден аулақ болу керек.

Ғ. ҚҰБАЕВ,
Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы бағыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1332 дана. Тапсырыс 996 Көлемі 1 баспа табак, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

АУДАНДЫҚ АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ПЛЕНУМЫ ӨТТІ
27 ТАМЫЗ КҮНІ ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМДІГІ ҒИМАРАТЫНДА ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ПЛЕНУМЫ ӨТТІ. ЖИЫННЫҢ НЕГІЗГІ ТАҚЫРЫБЫ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДА АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМДАРЫНА ЖҮКТЕГЕН ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ АУДАНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ ЖӘНЕ АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕРДІ АЙҚЫНДАУ БОЛДЫ.



Пленумды аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Болат Бақтыгереев жүргізді. Шараға Ақтөбе облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Шаңғұтов, төралқа мүшелері Түрікпенбай Айжарықов пен Есімхан Есенбаев, Мәртеке аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қыдырбай Шұдабаев, сондай-ақ Ойыл ауданының әкімі Асқар Қазыбаев арнайы қатысты. Сонымен қатар пленум жұмысына аудандық мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелері, мемлекеттік мекемелердің басшылары, құқық қорғау органдарының өкілдері, ардагерлер бастауыш ұйымдарының төрағалары, «Қазақ аналары – Дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігінің аудандық филиалы және БАҚ өкілдері қатысты. Жиын барысында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Болат Бақтыгереев негізгі баяндама жасап, ардагерлер ұйымдарының қоғамдағы рөлі мен Мемлекет басшысы айқындап берген міндеттердің орындалуына тоқталды. Баяндама аясында аудандық ардагерлер ұйымдарының атқарған жұмыстары мен бо-

лашақтағы жоспарлары жан-жақты сараланды. Талқылау кезеңінде еңбек ардагері Сәрсенбай Аманғосов, Ойыл мешітінің имамы Бақжарық Қызыр, «Қазақ аналары – Дәстүрге жол» аудандық филиалының төрайымы Зоя Дауылбаева, сондай-ақ түрлі салалардан ардагерлер жарыс сөзге шығып, өз ой-пікірлерін ортаға салды. Сонымен бірге, пленум аясында ардагерлер ұйымының белсенді мүшелері марапатталды. Олардың қатарында Өтеген Сағатов, Ғазиз Займолда, Сырға Қалдығұлова, Өтесін Қошқаров, Биғали Ахметов, Меруерт Ғаббасова, Разихан Ешмұхамбетова және басқа да ардагерлер бар. Ақтөбе облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Шаңғұтов сөз сөйлеп, аудандық ардагерлер ұйымының жұмысына оң бағасын берді және ардагерлерге зор денсаулық пен табыс тіледі.

ПЛЕНУМНАН КЕЙІНГІ ОЙ...

Жақында аудандық ардагерлер кеңесінің пленумы өтті. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Болат Бақтыгереев «Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың IV ұлттық Құрылтайда ардагерлер ұйымдарына жүктеген тапсырмалардың ауданда жүзеге асырылуы және алдағы міндеттер туралы» баяндама жасады. Баяндамашының көп ізденгені, өзекті мәселелерді орынды қозғағаны, идеологиялық жұмыстарды жандандыру, бұқара белсенділігін арттыру, ұлттық құндылықтарымызды қастерлеу, ұлттық сананы жаңғыртуға жол ашу, қазақ болмысына жат идеологияларға тосқауыл қою, қазіргі той-садақалардағы ысырапшылық сияқты тағы да басқа ойлары жақсы әсер қалдырды. Сөзінің соңында саликалы сындар, тұщымды ұсыныстар күтетінін баса айта келіп, ауыл ағаларын ұрпақ тәрбиесінде бірігіп жұмыс жасауға үндеді. Пленумда дайындалған төрт-ақ адам сөйледі. Регламент сақталмады, нақты ұсыныстар айтылмады, күн тәртібіндегі мәселелер жайына қалып, өздерінің жасаған істерін айтып, бір-бірілеріне мақтау сөздерге жол берілді. «Ойыл ауданының құрметті азаматы» Ғазиз Займолдаұлы ғана өз ұсыныс пікірлерімен ерекшеленді. Облыстан келетін өкілдердің кешігіп келетіні, халықты күтіріп қоятыны дағдыға айналды. Астарында жүрдек машина бола тұра кешігіп, халықты күттіруді қоятын уақыт жетті. Қандай шараға барсаңыз да бастықтар кешігіп жүреді. Алдағы жиындарға көпшілікті қатынастыру, жаңаша ұйымдастырылғаны жөн. Тек дайындаған адамдар ғана сөйлемей еркін микрофонның болғаны жөн. Бастықтар кешікпесе пікір айтушылар регламент сақтаса, жиындарда айтылған сын-ескертулерден нәтиже болса, орындалатын болса, ондай жиындарға халық көбірек

атсалысар еді. Данышпан Әл-Фараби “Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы”, - деген екен. Мәселен, мектепте әр сабақтың тәрбиелік мақсаты болатыны сияқты жиынның да мақсаты нақтылануы керек еді... Қандай ұлттық құндылық айтылатынын оқу ісінің меңгерушісі, директор назарда ұстауы керек, бақылап, бағыттабадгер берілуі тиіс. Қазір сынып жетекшілерінің ақшалары өсті, тәрбие сағаттарында “асық ату бесікке бөлеу т.б. сияқты” ұсақ түйектерді қою керек. Бұл іске қарттарды, өмір көрген өнегелі отбасыларын тартқан жөн. Тәрбие мектептен басталады, ұстаз бас тәрбиеші. Осы жұмыстарды жандандыру, нәтижелі нақты жоспарлар жасалып, үнемі қадағалап, бақылауда ұстаған жөн. Қонақасы, садақалар жөнінде діни басқармасы пәтуа шығарды. Молдалар, мешіт қызметкерлері оны әркімге итермелемей, өздері қолға алу керек. Дастархан мәзірі талапқа сай болмаса, бармасын, ескертсін. Сол уақытта бәрі реттеледі, ысырап тыйылады. “Ойыл” газеті ұлттық құндылықтарға әр санында арнайы бағыт беруін жөн санайтын. Үлкендерді құрмет тұту - ата салтымыз. 30-40 жылғы туылғандар-аға ұрпақ өкілдері аз-ақ қалды. Олар жастық шағында бала болып ойнамады, тойып тамақ ішпеді, бір сөзбен айтқанда, біздің шат өміріміздің шырақшылары. Оларды әрқашан аялау құрмет көрсету - парызымыз. Қазақтың салты, әдеп-ғұрпы әр қазақ үшін қадірлі, өнеге, тәрбие көзі аса құнды байлығымыз. Оны қадірлеу, сақтап-насихаттау отбасынан бастау алады. Әр отбасы саликалы, тәрбиелі ұрпағымен егемен еліміздің еңсесін биіктете бергей! Ел аман, жұрт тыныш болғай!

Саламат Қомытулы
ШАҢҒАЛА,
Зейнеткер.

АУДАН СПОРТШЫЛАРЫ «АҚ БИДАЙ» АЛАМАНЫНДА

2025 ЖЫЛДЫҢ ТАМЫЗ АЙЫНДА АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ, ХРОМТАУ АУДАНЫНДА «АҚ БИДАЙ» ОБЛЫСТЫҚ VIII АУЫЛ СПОРТ ОЙЫНДАРЫ ӨТТІ. АУҚЫМДЫ ДОДАҒА ОБЛЫСТЫҢ 12 АУДАНЫНАН СПОРТШЫЛАР ҚАТЫСЫП, 8 СПОРТ ТҮРІНЕН БАҚ СЫНАДЫ. АТАП АЙТҚАНДА АСЫҚ АТУ, ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ, ҚАЗАҚ КҮРЕСІ, ҚОЛ КҮРЕС, ГІР СПОРТЫ, ҮСТЕЛ ТЕННИСІ, ШАҒЫН ФУТБОЛ ЖӘНЕ ВОЛЕЙБОЛ ЖАРЫСТАРЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

Бұл сынға аудан құрамасы да белсене қатысып, жоғары нәтиже көрсетті. Жарыс қорытындысы бойынша үздік спортшылар марапатталып, республикалық кезеңге жолдама алды. Үстел теннисінен ерлер командасы II орынға ие болса, қыздар командасы I орынды жеңіп алды. Жалпы командалық есепте аудан спортшылары I орынға шықты. Ал, тоғызқұмалақтан жалпы командалық есепте аудан құрама командасы II орынға табан тіреді. Жекелеген спорт түрлерінен гир спортынан Айтқали Балтабаев (68 кг) – I орын; қазақ күресінен Бекзат Мұханбетов (55 кг) – II орын; қол күресінен Әлішер Ысқақов (80 кг) – II орын.

Волейболдан ауданның құрама командасы III орынға қол



жеткізді. Сонымен қатар, республикалық «Ақ бидай» ауыл спорт ойындарына үстел теннисінен

Әділбай Аманғосов, Әділет Бірімғалиев, Асылай Асылханова, тоғызқұмалақтан Қанат Бердіғалиев, Гүлбаршын

Сырлыбаева, гир спортынан Айтқали Балтабаев, қазақ күресінен Бекзат Мұханбетов жолдама алды.



“ТАЗА КАЗАҚСТАН”:

ОЙЫЛДЫҚ ЖАСТАРДЫҢ ҮЛЕСІ

27 тамыз күні Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен, Ойыл селолық округ әкімдігінің қолдауымен 30 тамыз Конституция күніне орай, “Таза Қазақстан” экологиялық акциясы аясында “JASYL CROSS 2025” эко—плоггингі өткізілді. Акция аудан аумағын қоқыстан тазарту, экологиялық проблемаларға назар аудару, волонтерлік қызметті танымал ету және дамыту, жастардың әлеуметтік белсенділігін арттыру. Эко—мәдениетті жастар арасында насихаттап, қалыптастыруды мақсат етті. “JASYL CROSS 2025” эко—плоггингіне аудан әкімі Асқар Қазыбаев, “AMANAT” партиясы Ойыл аудандық филиалының атқарушы хатшысы, аудандық мәслихат депутаты Еркін Жиеналин, аудандық қоғамдық кеңес



төрағасы Марат Арыстанов, Ойыл селолық округінің әкімі Рүстем Сағынғалиев, салалық бөлім басшылары, “Жасыл ел” жасақшылары, ауданымыздың белсенді жастары қатысты. Аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы акциямызды алғы сөзбен ашып беріп, қатысушы командаларға сәттілік тіледі. Конституция күні қарсаңында ұйымдастырылған плоггинг жарыс түрінде өтті. 10—15 адамнан тұратын 10 команда бір сағат ішінде қоқыс жинады. Жастарға 400 қап таратылып, 2 тонна қоқыс жиналып, арнайы жүк тиегіш көлігімен шығарылды. “JASYL CROSS 2025” эко—плоггингінің нәтижесі бойынша қатысқан командалар аудан әкімінің алғыс хаттарымен марапатталып, естелік сыйлықтарға ие болды. Акцияға барлығы 150 жас қатысты.

«ЕРЖІНДІКТІҢ АСҚАҚ ШЫҢЫ – АТА ЗАҢ»

30 ТАМЫЗ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ КҮНІНЕ ОРАЙ ОЙЫЛ АУДАНЫНДА «ЕРЖІНДІКТІҢ АСҚАҚ ШЫҢЫ – АТА ЗАҢ» АТТЫ САЛТАНАТТЫ ШАРА ӨТТІ. МЕРЕКЕЛІК ЖИЫН КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ КӨРІСПЕН БАСТАЛЫП, ОТАНҒА ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК ПЕН ЕЛДІК РУХТЫ ДӨРІПТЕЙТІН ӨСЕМ ӨН-БИГЕ ҰЛАСТЫ.



Сахна төрінде аудан әкімі Асқар Қазыбаев құттықтау сөз сөйлеп, Ата Заңның мемлекетіміздің тұрақтылығы мен тәуелсіздігінің кепілі екендігін атап өтті. Шара барысында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар «Ойыл ауданына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен және аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Конституциясы күні аясында мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің ант қабылдау

рәсімі өтті. Сахнада «Ойыл аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» бөлімінің бас маманы Миржан Рысқалиев пен Ойыл ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің бақылау және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің жетекші маманы Әділет Шабай Қазақстан Республикасының Конституциясы кітабына қол қойып, салтанатты түрде ант қабылдады. Бұл – жас мамандар-

дың елге адал қызмет етудің мәртебелі жолына қадам басқан сәті болды. Мерекелік кеш барысында аудан тұрғындарының бос уақытын тиімді өткізу мақсатында ұйымдастырылған «АУЫЛ FEST» жобасының қорытындысы шығарылды. Аудан әкімі Асқар Қазыбаевтың арнайы номинацияларымен төмендегі ауылдық округтер марапатталды: «Үздік ауыл» – Сарбие ауылдық округі, «Креативті ауыл» – Ойыл ауылдық округі, «Өнерлі ауыл» – Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі, «Ұй-

ымшыл ауыл» – Саралжын ауылдық округі, «Ұрпақтар бірлігін ұлықтаған ауыл» – Қарасай ауылдық округі, «Дәстүрін дәріптеген ауыл» – Көптоғай ауылдық округі. Бұл марапаттар ауылдардың ынтымағы мен өнерін, дәстүрге деген құрметін айшықтап, тұрғындардың белсенділігін арттырды. Шара барысында аудандық өнерпаздар халыққа мерекелік концерттік бағдарлама ұсынып, әсем әндер мен ұлттық билер орынданды. Әрбір қойылым тәуелсіз Қазақстанның рухын асқақтатып, Конституция күнінің маңызын айшықтай түсті.



2025 ЖЫЛДЫҢ ІІІ ТОҚСАНЫНА Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМІ АППАРАТЫНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны, электрондық мекен-жайы
«Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округі әкімінің аппараты»ММ	Избасов Адилбек Жансерикович	Округ әкімі	Әр аптаның сәрсенбісі. Сағ. 10:00-12:00ге дейін	Қаратал ауылы, Сүлеймен әулие көшесі №12	73-2-62 bersiev_79@mail.ru

Сенім телефоны «Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округі әкімінің аппараты»ММ-сының сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны 73-2-62 нөмірінде орнатылған.Сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жәшік орнатылған.